

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

**КӘСІПОРЫНДАРДЫ САЛЫҚТЫҚ-ӘКІМШІЛІК РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУ
ЖОЛДАРЫ****Құттыбек Султан Талғатұлы***kuttibek_sultan@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші - э.ғ.к., доцент Бейсенова Л.З.

Кәсіпорындарға салық салуды жетілдіру шеңберінде бүкіл әлемде салық салудың қарапайым схемасы қоладнылады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, жеке кәсіпкерлермен салық салудың қарапайым жүйесін қолдану жеке тұлғалардың табысына салынатын салықты төлеуді (кәсіпкерлік қызметтен алынған табысқа қатысты), қосылған құн салығын, мүлік салығын (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында қолданылатын мүлікке қатысты), сонымен қатар олардың жеке тұлғалардың пайдасына төлейтін сыйақыларын төлеуді салық кезеңіндегі шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша есептелетін біртұтас салықты төлеумен ауыстыруды қарастырады.

Ал экономиканы дамытушы басты саланың бірі – шағын және орта бизнес екенін ескерсек, дәл осы салада салықтық бағыттағы шаралар жан-жақты үздіксіз реттеуді қажет етеді.

Жалпы, ел экономикасын көлеңкелі экономикадан шығару, салық төлеушілердің салық ауыртпалығын еңсере білуі – мемлекеттің қаржылық ахуалын түзетудің бірден бір жолы. Себебі, салықтық тексерулерге талдау жасасак, тәжірибиеде ең көп салықтық құқықты бұзушылық осы шағын кәсіпорындарда байқалады, әсіресе уақытында салық тіркеуіне тұрмау, уақытында салықтық есепті өткізбеу, түскен қолма-қол ақшаны есепке алмау, жымқыру, салыққа тартылатын табыс көлемін азайту, бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізбеу сияқты жағымсыз оқиғалар. Бұлар өз кезегінде мемлекет бюджетінің ойсырап қалуына әкеледі.

Ұлт Жоспары елімізге «2050» Стратегиясын жүзеге асыру мен Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға, жолдан адаспауға, күрделі кезеңнен сенімді өтуге жағдай туғызатын беріктік қорын жасап беретін болады. Жоспардың негізгі мақсаты «аурулардың сыртқы белгілерін» сылап-сипап қою емес, оларды жүйелі емдеу болып табылатын қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негіз қалайды. Соның ішінде үшінші институттық реформа «Индустрияландыру және экономикалық өсім» деп аталады. «100 нақты қадамда» салыққа қатысты бірнеше қадамдар бар, атап айтқанда, 37-қадамда «Салық және кеден саясатын және ресімдерін оңтайландыру», 39-қадамда «Кеден және салық жүйелерін интеграциялау».

Тауар салық салу мақсатында Қазақстан аумағына кірген кезеңнен бастап оны сатқанға дейін бақылауға алынады», 42-қадамда «2017 жылдың 1 қаңтарынан мемлекеттік қызметкерлер үшін, одан әрі барлық азаматтар үшін кірісті және шығысты жалпы жариялауды кезең-кезеңмен енгізу», 43-қадамда «Салық декларацияларын қабылдау және өңдеудің орталық желісін құру. Орталық салық төлеушілердің электронды құжаттарының бірыңғай мұрағатына кіру мүмкіндігіне ие болады. Декларанттар салықты бақылау бойынша шешім қабылдау үшін тәуекел санаттарына бөлінетін болады. Жариялауды бірінші рет тапсырған жеке тұлғалар үш жыл мерзімде қайта тексерістен өтпейтін болады», 44-қадамда «Жанама салық салу тетіктерін жетілдіру. Қосылған құн салығының орнына сатудан салық алуды енгізу мәселесін жан-жақты зерттеу», 45-қадамда «Кіріске және шығысқа салық есебін міндетті түрде енгізу арқылы қолданыстағы салық режимін оңтайландыру» міндеттері күн тәртібіне қойылған. Осы бағытта Үкіметіміз тындырымды жұмыстар атқаруда.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған 2015 жылғы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауында

«Бүгінде біз бюджетке салықтық түсімдердің 20 пайызға дерлік төмендегенін айтып отырмыз. Қосылған құн салығын төлеу көлемі төрттен бірге, ал табысқа корпоративтік салық бойынша 13 пайызға төмендеді. Бұл бар болғаны бизнеске қосымша қысымды білдіретін болады. Бюджет шығындарын Ұлттық қор есебінен жабу – көрегендік емес. Біз алдағы жылдардың қандай боларын білмейміз.

Сондықтан менің ұстанымым қағидатты – Ұлттық қор қаржыларын ағымдағы шығындарға пайдалану тоқтатылуы тиіс. Ұлттық қордан республикалық бюджетке жыл сайынғы кепілдендірілген, шектеулі трансферт бірден-бір тетік болуы керек. Үкіметке Ұлттық қор қаржыларын жаңа жаһандық өмір шындығы жағдайында қалыптастыру мен пайдаланудың жаңа тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырамын. Бізге мемлекеттік кірістер мен шығыстардың бүкіл жүйесін қайта қарау қажет. Ең алдымен, бюджеттің кіріс базасын ұлғайту керек. 2017 жылы қазіргі ҚҚС-тың орнына сатудан түсетін салықты енгізу қажет. Барлық тиімсіз салықтық жеңілдіктерді жойған жөн. Салықтық режимдерді оңтайландыру қажет – тек үш деңгей ғана қалуы керек. Олар – жалпы, жеке кәсіпкерлер үшін патент және шағын және орта бизнес, сондай-ақ, аграрлық сектор үшін арнайы салық режимі. Мұндай механизм «көлеңкелі экономиканы» жарыққа алып шығатын болады» деп атап көрсетті.

Кесте 1 - Қазақстандағы әкімшілік салықтық заң бұзушылықтар

№	Заң бұзушылық түрлері
1	Салықтық есепке тұру мерзімін бұзу
2	Салық салу объектісінің есебін жүргізбеу немесе оның есебін заң бұзу арқылы жүргізу
3	Салық салу объектілерін жасыру
4	Салықтық декларацияны уақытында немесе мүлдем ұсынбау немесе салықтық декларацияға бұрмаланған мәліметтерді енгізу
5	Салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді дұрыс есептемеу
6	Заңды және жеке тұлғалардың табыстарынан табыс салығын дұрыс ұстамау
7	Салықтардың және басқа да міндетті төлемдердің бюджетке уактылы немесе толық төленбеуі
8	Салық қызметі органдарының жұмысшыларын салықтарды есептеу және төлеу бойынша құжаттарды тексеруге жібермеу немесе басқа да әрекеттер қолдану
9	Салық органдары мен олардың жұмысшыларының заңды талаптарын орындамау
10	Салық төлеушінің ашқан есеп және басқа да шоттары туралы салық органдарына хабарламау
11	Салық төлеушіден салықтардың, айыппұлдардың, өсімпұлдардың сомасын өндіріп алу жөніндегі салық органдарының инкассолық талаптарын орындамау;
12	Заңды тұлғаны, оның филиалын немесе өкілеттілігін заңды мемлекеттік тіркеуден өткізбей қызмет ету
13	Кәсіпкерлік қызметті лицензиялық және инвестициялық ережелерді бұза арқылы жүргізу
14	Салық органдарының ережелерін қадағаламау
15	Салық органдарының жұмысшыларын жүргізілген операцияларды тексеруге жіберуден бас тарту

Ақпарат көзі: Сейдахметова Ф.С. «Налоги в Казахстане», Алматы – 2010, 22-бет

Сонымен қатар, кәсіпорындар салық салынатын табыстан несиелер бойынша пайыздарды, арендалық төлемдерді, іссапарлық шығындарды, жарнамалық шығындарды да шегеріп тастай алады. Қазіргі кездегі шешуші мәселелердің бірі – осы саладағы табыстарды және мүліктерді заңдастыру (легализациялау) болып табылады.

Әкімшілік шараларының тағы да бір басты мәселесі сол баяғы күйінде қала бермек: салықтық ауыртпалықтың қолайлы деңгейін қалыптастыру арқылы, кәсіпкерлік сектордағы даму тенденцияларын сақтап қалу. Сол себепті, қазірдің өзінде Алматы қаласында

кәсіпкерлерге қаржы ресурстарына қол жеткізуді жеңілдету жөнінде көмек беретін 44 несиелік одақтар бар.

Сонымен қатар, Қазақстанда кәсіпорындарды салықтық тіркеуді «бір терезеден» жүзеге асыру және әкімшілік кедергілерді жою мәселесі де маңызды болып отыр. Шағын кәсіпорындар үшін салық салудың қарапайым схемасын қолдану тек материалдық шығындардың төмен үлесі болған жағдайда ғана тиімді деп саналады.

Салық салу кезінде кәсіпорында бір ғана салық салу және салықтық бақылау объектісі болады – бұл өнімді өткізуден түскен табыс. Жиынтық табысқа салық салу кезінде де салық салу объектісі біреу ғана, алайда бұл жерде тек өнімді өткізуден түскен табысты ғана емес, сонымен қатар өнімнің өзіндік құнын да бақылау қажет, ал бұл ең күрделі, қиын процедуралардың бірі екені белгілі. Осылайша, шағын кәсіпорындар үшін салық салудың қарапайым жүйесіне көшу олардың материалдық ресурстарға жұмсалған шығындары төмен болған жағдайда ғана тиімді болмақ. Мұндай кәсіпорындардың қатарына қызмет түрі өндіріспен емес, қызмет көрсетумен және жұмыстар атқарумен байланысты кәсіпорындар жатады.

Шағын кәсіпорындарға салынатын салықтар жүйесі өз капиталын экономикалық артта қалған аймақтарына, маңызды аймақтық бағдарламаларды жүзеге асырушы, сонымен қатар, өз қызметін өзекті салаларда жүргізуші кәсіпорындарға салықтық жеңілдіктер беруді қарастыруы қажет.

Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық-несиелік механизмі экономиканың қандай-да бір буындарына қажет емес салықтық жеңілдіктерді беру арқылы бәсекелестікті бәсеңдетіп алмауы тиіс. Шағын кәсіпорындарға беретін салықтық жеңілдіктер олардың аймақтардағы жұмыс орнын арттыру, инфрақұрылымға салымдарды төмендету, экологиялық ауыртпалықты төмендету және жергілікті ресурстарды толық қолдану арқылы келетін экономиямен мақұлданады. Осыған байланысты жеке кәсіпкерлерге салынатын салық дамыған елдерде мынадай формаларда болатынын айтып кетуге болады: жеке тұлғаларға салынатын табыс салығы, әлеуметтік сақтандыру қорларына салымдар, мүлікке салық салуға негізделген салықтар. Бұл, әрине, Батыс елдерінің кәсіпорындарына салынатын салықтардың бәрі емес, бұл кәсіпкеркерлікпен айналысатын жеке тұлғаларға салық салуда шешуші роль атқаратын салықтар болып табылады.

Салықтық реттеу саласында салықтық мөлшерлемелерді орнату ерекше маңызға ие. Аталған процестің теориялық мағынасы салықтың екі функциясы – фискалдық және реттеу функциялары – арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті анықтауға келіп тіреледі. Дәл осы функцияның өзара қатынасы практика үшін аса маңызды.

Ұтымды (рационалды) салық жүйесін құру оның негізделген ішкі құрылымына, бірінші кезекте салықтық мөлшерлемелердің деңгейіне, тәуелді болады. Салықтық мөлшерлемелердің градациясы салықтық реттеудің маңызды бөлігі болып табылады.

Жүзеге асыру жолдарына қарай салықтық реттеу екі, бір-бірімен тығыз байланысты салаға бөлінеді: салықтық жеңілдіктер және салықтық санкциялар.

Салықтық жеңілдіктер – бұл салықтардың реттеуші (ынталандырушы) функциясын нақты жүзеге асыру формасы болып табылады. Жалпы салықтық түсімдердің сомаларының өзгеруімен, салық салудың бір формасын басқамен ауыстырумен, салықтық мөлшерлемелердің дифференциациясымен, олардың қолдану саласының өзгеруімен және трансферттермен салықтық жеңілдіктер мемлекеттік салықтық реттеудің негізгі әдістерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде салықтық жеңілдіктердің қандай да бір классификациясы жоқ, салықтық шегерімдер туралы сөз қозғалмаған, ал салықтық несиелер оның ең қарапайым формасына, яғни салықтың мерзімін ұзартуға ғана келіп тіреледі. Өздеріңіз айтыңыздаршы, барлық мүмкін болатын салықтық жеңілдіктердің тізімі және оларды қолданатын нақты субъектілер мен қолдану салалары салықтық заңнамада айтылмағанда, қайда айтылмақшы. Салықтық заңнамадағы кез-келген анықталмағандық салықтық субъективизмге және волонтеризмге қолайлы жағдайлар жасайды. Заңның мұндай

әлсіз жерлерін салық органдары, бір жағынан, салық төлеушілер, екінші жағынан, өз пайдаларына шешуге тырысады.

Шын мәнінде, салықтық жеңілдіктер салықтық міндеттемелерді төмендетуге бағытталған салықтық реттеу шаралары болып табылады. Бұл салықтан заңсыз жалтару арқылы салықтық міндеттемелерді азайтуға альтернатива ретінде қолданылуы тиіс. Бұған қоса, салықтық жеңілдіктерді оның кең мағынасы және тар мағынасы жағынан қарастыру қажет. Кең мағынасы тұрғысынан салықтық жеңілдіктер барлық жеңілдіктерді қамтиды: салықтық амнистия, бұрын төленген салықтарды қайтару, салықтық каникулдар, салықтық мөлшерлемелерді төмендету; инвестициялық премиялар, салықтық шегерімдер мен салықтық несиелер. Тар мағынада бүкіл салықтық жеңілдіктер тізімінен салықтық шегерімдерді немесе несиелерді, және басқа да элементтерді бөліп алады немесе тізімнен алып тастайды.

Кәсіпорындарды салықтық реттеудің келесі міндеті – тиімді салық жүйесін жасау және қолдау, яғни тиісті салықтық бақылау жүйесін жасау. Осыдан, түптеп келгенде, тек салық жүйесінің тиімділігі емес, бүкіл экономикалық және қоғамдық игілік жағдайлар тәуелді болады.

Салықтық бақылауды салық механизмінің функционалды элементі, яғни кәсіпорындарды салықтық реттеудің құралы ретінде қарастыру қажет. Салықтық бақылаудың нақты қызмет етуіне негіз болатындардың қатарына мыналар жатады:

- құқықтық база – салық төлеушілердің құқықтық статусын анықтайды;
- ұйымдастырушылық қамтамасыз ету – салық төлеуші кәсіпорындарды және кәсіпкерлерді бақылаудың формалары мен әдістерін, олардың салық органдарымен қарым қатынастарын қарастырады;
- материалдық-техникалық қамтамасыз ету – оның мақсаты салық төлеушілер тарапынан да, салық органдары тарапынан да өздерінің міндеттерін барынша тиімді және уақтылы орындауды қамтамасыз ету.

Айта кету керек, салық органдары мен кәсіпорындар бір-бірімен ажырамас бірлікте болады. Сол себепті олардың арасындағы қарым-қатынастарды толық қамти алатын салықтық бақылау қажет.

Бизнеске қолдау көрсету мақсатында салық және кеден заңнамаларына жыл сайын оңды өзгерістер енгізіліп отырады. Мәселен, дара кәсіпкерлердің жекелеген санаттарының қызметін оңайлатылған тәртіппен тоқтату, қолданыстағы 208-бюджеттік сыныптама кодтарының санын 89-ға дейін қысқарту, сондай-ақ, бірқатар қызметтерді Халыққа қызмет көрсету орталықтарына тапсыру секілді жеңілдіктерді атап өтсек болады. Осы мысалдардың арасына өсімпұлдар мен айыппұлдарға рақымшылық жасау сияқты салықтық әкімшілендіруді жеңілдетуге бағытталған өзгерімдерді де қоса кетсек жарасады.

Елімізде үшінші рет мүлікті жария ету акциясы жүргізілуде. Ол халыққа қолда бар мүлікті жария етіп, заңды айналымға енгізуге мүмкіндік береді. Сондықтан алдағы уақытта бар мүлікті декларацияда көрсете беруге болады. Жалпыға бірдей декларациялауға көшудің негізгі мақсаты – көлеңкелі экономикамен және сыбайлас жемқорлықпен күрес. Сондай-ақ, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауды қамтамасыз ету. «100 нақты қадамда» аталған мәселенің бірі – салық декларацияларын қабылдау және өңдеудің орталық желісін құру.

Яғни, орталық салық төлеушілерге электронды құжаттарының бірыңғай мұрағатына кіруге мүмкіндік ашылады. Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу туралы айтар болсақ, декларанттар мен салық төлеушілерге тексеру жүргізу үшін тәуекел санаттарына бөлінетін болады. Яғни, тәртіп бұзушылыққа жол бермеген кәсіпкерге салықтық және кедендік тексерулерден қорқудың қажеті жоқ. Мұндай шаралар сенімге ие болған бизнес өкілдеріне емін-еркін жұмыс істеуі үшін жасалып отыр. Бүгінгі Қазақстан қолда бар мүмкіншіліктерді пайдалана отырып әлемдік экономикаға ойдағыдай кіруге бағытталған мемлекеттік саясатты қолдайды.

Жалпы алғанда, ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында мемлекет тарапынан жасалып жатқан шаралардың ішінде салық жүйесінің де орны ерекше екенін айта кеткен жөн. Қарапайым тұрғыдан қарастыратын болсақ, арнаулы салық тәртібі, салықтық жеңілдіктер түрлері, төмендетілген салықтық ставкалар, старттық бизнес үшін белгіленген банктік несие ставкалары т.с.с. қарастырылған жағдайлар салық төлеушілердің жеке табыстарының деңгейлерін жоғарлататыны анық. Ал бұл, өз кезегінде инвестиция көлемін ұлғайтып, отандық өндіріске оңтайлы әсерін тигізеді.

Қазақстан шетелдік инвестиция тарту көлемі бойынша көш басында → 2005 жылдан бері елімізге жалпы сомасы 184 миллиард доллардан астам инвестиция тартылған. Бұл Қазақстанның шет елдік инвесторлар үшін тұрақты әрі сенімді әріптес екедігінің белгісі. Инвестиция арқылы өндіріс орындары кеңейіп, жаңа жұмыс орындары пайда болады, жұмысшылар саны мен табыстарының көбейуі, салық салынатын базаның көбейуіне әкеледі, нәтижесінде мемлекет табысының деңгейі жоғарлауы дамыған мемлекеттермен экономикалық қарым-қатынастар жасауға мүмкіндік туғызады.

Демек, салық механизмі арқылы инвестиция көздерін мемлекетке тарта отырып, отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілетті өнімдер өндіріп, әлемдік нарыққа бет бұрып, Қазақстанның БСҰ-ға лайықты мүше екенін дәлелдеуге болады.

Қорыта келе, жаһандық бәсекелестіктің арнасына еркін еніп, еліміздің экономикасының дамыған алдыңғы қатарлы елдер арасынан өз орнын нық бекітетініне сеніміміз мол.

«Біздің мақсатымыз – елі бақытты, жері гүлденген қасиетті Отанымыз Қазақстанды «Мәңгілік Ел» ету! Әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылып, бай да қуатты елдермен иық түйістіру. Біз бұл мақсатымызға міндетті түрде жетеміз»- деген сөздермен халыққа жолдауында ел президенті дағдарыс жағдайында еңсемізді түсірмей, белді бекем буып, сынақтан сүрінбей өтуге шақырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауы : «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» -Астана, 30.11.2015ж.
2. Салық саясаты жаһандық қатерлерді ескеруі тиіс. Қ.Тоқаев /Түркістан –Халықаралық саяси апталық газет 02.12.2015ж
3. Көлеңкелі экономикаға қалай кедергі боламыз?<http://www.m-astana.kz>
4. Салық саясатын тиімді әрі сауатты жүргізу - уақыт талабы <http://kazinform.kz/kaz/12> қазан 2015.

УДК 336.14

ПРОБЛЕМЫ САМОФИНАНСИРОВАНИЯ МЕСТНЫХ БЮДЖЕТОВ

Мейрембаева Диляра Жаксылыковна

dilyara_meirembaeva@mail.ru

студент 2 курса специальности «Финансы»

Экономического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - д.э.н., профессор Сембиева Л.М.

Значение местных бюджетов, включающих как областные бюджеты, так и городов областного значения и районов, сложно переоценить; практически вся деятельность по оказанию государственных услуг населению осуществляется именно на этом уровне. Распределение ответственности и функциональных обязанностей в Казахстане сделано таким образом, что почти все государственные услуги предоставляются гражданам на местах, а стратегические задачи, централизованный закуп и выполнение приоритетных